

БЕКІТЕМІН
ШҚО білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «Ақ бота»
балабақша-бөбекжайы»
КМҚК директоры
С.Б.Саирова С.Б.Саирова



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған шығармашылық білім
беру дағдысы бойынша сурет салу және мүсіндеуден ұйымдастырылған
іс-әрекетінің ЦИКЛОГРАММАСЫ
«Ақ қанат» «Балақан» ересек топтары**

Топ :«Ақ қанат», «Балақан» ересек тобы

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлім : Сурет салу

| № | Тақырып | Міндеті: |
|---|-------------------------------|--|
| 1 | «Балабақша» | Балаларды екі параллельді сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимаратының бейнесіне біріктіруге үйрету; қарындашпен сурет салу техникасын жетілдіру; геометриялық пішіндер туралы түсініктерін бекіту; балабақша туралы ұғымдарын тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу..Балаларды қылқаламмен және бояулармен таныстыру. |
| 2 | «Бақшадағы жемістер» | Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту; жаңа аралас түстердің атауларымен таныстыру; күзсыйлары, жемістерді жинаудағы адамның еңбегі туралы білімдерін пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын,зейінін, ақыл-ойын, түстерді ажырату қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. |
| 3 | «Күзгі саябақтағы жапырақтар» | Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру; ұжымдық жұмысты бейнелеп шығаруды үйрету; зейінін, түстерді таңдаудағы эстетикалық талғамды дамыту; топтағы қарым-қатынастарды нығайту; тазалыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. |
| 4 | «Дәмді қарбыз» | Балаларды суреттің бояудың бетіне шығуы деп аталатын сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері әртүрлі дөңгелектерді салып, ішін тіке жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасының бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету. Бақшада өсірілетін өнімдердің, қарбыз туралытүсініктерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасы, пішінді және көлемді ажырату қабілетін дамыту; экологиялық мәдениетке баулу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. |
| 5 | «Алтын бидай алқабы» | Балаларға бидай алқабы көрінісін салуды үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидай өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, зейінін, ақыл-ойын дамыту; адам еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. |
| 6 | «Күзгі ағаш» | Күз бояулары туралы ұғымды бекіту.Ағаштың басын қылқаламның түгін тұтастай тигізу арқылы салуды үйрету,тік және көлбеу сызықтарды үйлестіре отырып,ағаштың бұтақтарын салуды бекіту.Саусақ ұсақ бұлшық еттерін дамыту. |
| 7 | «Аулаға қар жауды» | Балаларға аулаға жауған қар туралы сюжетті бор мен қылқалам арқылы салды үйрету; суреттегі ағаш пен үйдің |

| | | |
|----|--|--|
| | | сұлбасын салып, суреттегі қарды әр жерге қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау; қар туралы білімдерін тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау және елестету қабілеттерін дамыту, әсемдікті түйсіну сезімін қалыптастыру; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Ағаштың басын қылқаламның түгін тұтастай тигізу арқылы салуды үйрету. |
| 8 | «Қаламыздағы биік үйлер» | Қаладағы үйлердің ерекшеліктерін (көпқабатты) ажырата білуге, қала көрінісі туралы түсінігін кеңейту, үйлердің пішіні (тік төрбұрыш, үшбұрыш, шаршы) тік және көлденең сызықтарды дұрыс қолдану. Қарындаштармен заттық сурет салудың техникасын жетілдіру. |
| 9 | «Жаңа жылдық шырша» | Мерекелік көңіл күй сыйлау, жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру. Пішіні үшбұрыш, бұтақтарын дұрыс салуға үйрету. Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізу арқылы шырша бұтағын салуды, оны мерекелік безендіруді үйрету |
| 10 | Шыршаның түрлі түсті ойыншықтары | Балаларды ұжымдық сурет салу амалдарына бейімдеу; фломастермен шырша бұталарындағы қылқандарды, әртүрлі пішінді, түрлі-түсті ойыншықтарды салу техникасын дағдыландыру; балалардың ой-қиял, түйсік, эмоциялар әлемін дамыту, достық қарым-қатынасқа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Сопақша пішіндер сала білуді жетілдіру, оларды ұсақ бөлшектермен толықтыруды үйрету |
| 11 | «Терезеден аппақ қар ұлпалары» | Балаларға шаршы пішінді «терезе» кескініне ақша қардың суретін мақта таяқшалары арқылы салуды үйрету; терезе сызбасының үстінен бояуды жүргізіп, төрт шаршының орталарына дөңгелектерді салып, ішін әртүрлі нүктелер және сызықтармен толтыруға дағдыландыру; ақша қар құрылымында болатын өрнектердің ерекшеліктері жөнінде түсініктер беру. Мақта таяқшасын ақ бояуға малып, дөңгелек пішінін салу техникасын жетілдіру; дөңгелек пішінін, әртүрлі қиғаш сызықтарды, нүктелерді белгілі бір ретпен салып, ақша қардың толық бейнесін салып шығуға ынталандыру. |
| 12 | «Сары шымшық» | Балаларға қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуды үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау; акварельді бояуды қылқаламға қою реңкке келтіріп, қағаз бетіне көп мөлшерде салуға талпындыру; көзбен мөлшерлеу, зейінін, құстарға қамқорлық сезімдерін дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу. |
| 13 | «Құмырадағы гүлдер» Анама арналған гүл шоғы | Балаларды құмырадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарын қылқалам арқылы жақпалап салу, вазаны жарты шеңбер тәрізді етіп салу, қағаз бетіндегі бейнелердің үйлесімдігін сақтауға талпындыру; көзбен мөлшерлеу қабілетін, эмоциялар мен түйсіктер әлемін дамыту; байқағыштыққа, анаға сүйіспеншілігін дамыту, қамқорлыққа тәрбиелеу. Ерекшеліктерін ескере отырып, дәстүрден тыс тәсілдермен алғашқы көктем гүлдерін салуға үйрету |
| 14 | «Кебежені безендіреміз» | Балаларға кебеженің сұлбасын қазақтың оюларының элементтерімен безендіруді үйрету; тіктөртбұрыштың ортасына «тышқан ізі», бұрыштарына «балтаны», шеттеріне «ботагөзді» салып орналастыру техникасын |

| | | |
|----|--------------------------------|--|
| | | қалыптастыру; қағаз бетін бағдарлау, пішіндерді қабылдау және ажырату біліктерін жетілдіру; қазақтың қолөнеріне деген қызығушылығын арттыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту |
| 15 | «Гүлденген өрік бұтағы» | Балаларға көктемде гүлденген бұтаның бейнесін салу амалына үйрету; суреттің негізі ретінде бормен жапырақтарды, содан соң бояуға малынған саусақты басып, гүлдерді салу техникасын жетілдіру; жеміс ағаштарының көктемде гүлдену құбылысы туралы білімдерін тиянақтау; қағаз бетін бағдарлау, зейінді, ой-қиялды дамыту; эстетикалық талғамға, бақылағыштыққа, тазалыққа тәрбиелеу. |
| 16 | «Ғарыштың түрлі планеталары» | Балаларға шардың бетіне бояу жағып, қағаз бетіне басып алу сияқты дәстүрлі емес сурет салу техникасын таныстыру; «градиент» ұғымын қалыптастыру; топтас достарымен біріге отырып, ғарыш ғаламын сюжеттік суретте көрсету білігін жетілдіру; балалардың ой-қиялын, түйсіктері мен эмоциялар әлемін дамыту, достық қарым-қатынастарды дамыту; тазалыққа, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| 17 | «Әдемі шәйнек» | Балаларға шәйнектің сұлбасын татар халқының «гүл» оюларымен қылқаламның ұшы арқылы безендіру техникасын таныстыру; көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдар жиынтығын пысықтау; зейінін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту; достыққа, әдептілікке тәрбиелеу. |
| 18 | «Аквариумдағы балықтар» | Балаларға үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін қағаз бетіне өзара үйлесімді орналастыруға машықтау; балықтардың денелерін жүзбеқанаттар мен құйрығы, көзі, қабыршақтарымен толықтырып, безендіру техникасына бейімдеу; аквариум балықтарының тіршілік ерекшіліктері мен күту әдебін пысықтау; зейінділік, қағаз бетін бағдарлау, дүниетанымын дамыту; бақылағыштыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Балаларға боялған сабын көпіршіктерінің көмегімен сурет салу техникасын (дәстүрден тыс тәсіл) таныстыру; адам үшін судың маңызы туралы білімдерін бекіту; шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, түстерді үйлестіру біліктілігін, қиялдарын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге, тиянақтылыққа тәрбиелеу. |
| 19 | «Қала аспанындағы кемпірқосақ» | Балаларға әртүрлі құралдардың көмегімен табиғи құбылыстар жайлы түсініктерін шығармашылық түрде жеткізуді, негізгі түстерді тануды, саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру; балалардың түстерді қабылдау, түсті таңдау біліктілігін дамыту; зейіндерін тұрақтандыру, ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, табиғатты аялауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру |

Топ : «Ақ қанат», «Балақан» ересек тобы
 Білім беру саласы: Шығармашылық
 Бөлім :Мүсіндеу

| № | Тақырып | Міндеті |
|---|----------------------------|---|
| 1 | Әжемнің дәмді тоқашы | Кескішті қолдануды таныстыру. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіруге тырысуын ынталандыруҚолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. |
| 2 | «Сұр қоян» | Балаларға бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуге үйрету; мүсіндеу кезінде есу, созу әдістерін пайдалана отырып, ермексазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; сұр қоян туралы білімдерін толықтыру; жұмыс орнында тазалықты сақтауға үйрету таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі бойынша мүсіндеуге үйрету. |
| 3 | «Күзгі жапырақ» | Балаларға жапырақтың дайын сұлбасы бейнеленген қағазға ермексазды жалпайту, домалақтау, жіңішкерту әдістерін пайдаланып жапсыруға үйрету; мүсіндегенде қолдың кіші моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; әсемділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу |
| 4 | «Анама бәліш пісіремін» | Балаларға ермексазды екі кесекке бөліп, бір кесегінен бәліш жасау үшін дөңгелектеп, саусақтарымен оны жалпақ етіп жаюға, өздері қалаған ермексазды үзіп алып, дөңгелектеп салма жасауға, бәліштің үстіне салманы орналастырып, екінші ермексаз кесегін есу арқылы жіңішке пішін беріп, жіңішке пішіндермен бәлішті безендіріп, мүсіндеуге үйрету; ұннан жасалатын тағамдар туралы білімдерін жаңғырта отырып, үлкенге көмектесуге, әрдайым қол ұшын созуға тәрбиелеу. |
| 5 | Саңырауқұлақ | Екі бөлшектен тұратын заттарды мүсіндеу біліктерін нығайту; мүсіндеудің есу, жалпайту, ойық жасау әдістерін жетілдіру; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануға үйрету; қол бұлшықеттерін дамыту; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу; күз мезгілінің белгілері жайлы білімдерін толықтыру, саңырауқұлақтар жайлы білімдерін кеңейту.Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру |
| 6 | Бақшадағы қызанақ пен қияр | Балаларды жемістердің негізгі пішінін келтіруге үйрету; алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беру, бөлшектерді саусақтың және қырнауыштың көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуге дағдыландыру; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалана отырып, қол бұлшықеттерін дамыту; заттың пішіні мен пропорциясына назар аудара отырып, негізгі ерекшеліктерін байқауға және атауға үйрету; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша мүсіндеуге үйрету. |
| 7 | Аққала | Балаларға ермексаздан аққаланы мүсіндеуді үйрету; бір бөлшекті екінші бөлшекке сылап тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту; шығармашылықтарын дамыту; табиғаттың сұлулығын сүйе білуге тәрбиелеу; аққаланың құрылысын бекіту, қисынды ойлауды және себеп-салдар байланыстардын орналастыруды үйрету |
| 8 | Шырша ойыншықтары | Балаларға шырша ойыншығының дайын сұлбасы бейнеленген, қағазға ермексазды жалпайту, домалақтау, жіңішкерту әдістерін пайдаланып жапсыруға үйрету; мүсіндегенде қолдың кіші моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; әсемділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу |
| 9 | «Қос қолғап» | Балаларға қос қолғаптың дайын суреті бейнеленген қағазға ермексазды |

| | | |
|----|---------------------------------|---|
| | | жалпайту, домалақтау, жіңішкерту әдістерін пайдаланып жапсыруға үйрету; мүсіндегенде қолдың кіші моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; әсемділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу |
| 10 | «Қонжық» | Балаларға жабайы жануардың сыртқы тұрқының ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, бөлшектерді құрылымдық тәсілмен біріктіру арқылы қонжықты мүсіндеуді үйрету; мүсіндеу амалдарын бекіту; балалардың қол бұлшықеттерін, зейінін дамыту, ермексазбен жұмыс істеуге ынталандыру және шыдамдылыққа тәрбиелеу. |
| 11 | «Аққу» | Балаларға ермексаздан кесекті үзіп, домалату, есу арқылы аққуды мүсіндеуге үйрету; бөлшектерді біріктіру іскерліктерін дамыту; қырнауыштың көмегімен тырнау арқылы аққудың қауырсындарын жасауға, ермексазды бұғу арқылы аққудың мойнын жасауға үйрету; қол ептілігіне жаттықтыру; мүсіндеу арқылы эстетикалық тәрбие беру; табиғатты аялауға, құстарды қорғауға тәрбиелеу. Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеуге үйрету. |
| 12 | «Сары шымшық» | Балаларға ермексаздан кесекті үзіп, домалату, есу арқылы шымшық мүсіндеуге үйрету; бөлшектерді біріктіру іскерліктерін дамыту; қырнауыштың көмегімен тырнау арқылы шымшық қауырсындарын жасауға, ермексазды бұғу арқылы аққудың мойнын жасауға үйрету; қол ептілігіне жаттықтыру; құстарға қамқорлық сезімдерін дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу. |
| 13 | Анамызға білезік | Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып білезік жасауға үйрету. |
| 14 | «Ұлттық әшекей» | Балаларды қазақтың ұлттық әшекей бұйымдары және зергер мамандығымен таныстыру; тұзды қамырдан сырғаны мүсіндеуге үйрету; мүсіндеудің домалақтау, есу, созу, жалпайту әдістері, пішінге келтіру, түрлі-түсті бояуға тиянақты бояу іскерліктерін жетілдіру; балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту; ұлттық әшекей бұйымдарын қастерлеуге тәрбиелеу. Пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын жетілдіру |
| 15 | «Байқоңыр ғарыш айлағы» | Балаларды ермексазды алақанның арасына салып домалатып алғаннан кейін, тігінен есу арқылы шұжық тәріздес пішін шығарып, зымыранның денесін жасауға, оның тұрақтылығын тексеруге, екінші бөліктен де домалатып, шыққан бөліктің басын созып конусқа айналдыруды, зымыранды мүсіндеуге үйрету; бөліктерді бір-біріне біріктіріп зымыранның пішінін беруге үйрету; ғарышкер, ғарыш алаңы туралы білімдерін толықтыра отырып, балаларды түрлі мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу. |
| 16 | Көлшіктегі үйректің балапандары | Балаларды үйректің балапанымен таныстыру, ермексаздан үйректің балапанын мүсіндеуді үйрету; екі бөлшекті біріктіру, тегістеу, шымшып созу, жалпайту әдістерін пайдалануды дамыту; шығармашылық жұмыста саусақ қызметін дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу; «жарғақ» сөздерімен таныстыру. Мазмұндық композициялар құру дағдыларын қалыптастыру |
| 17 | «Көбелек» | Балаларға көбелектің дайын сұлбасы бейнеленген қағазға ермексазды жалпайту, домалақтау, жіңішкерту әдістерін пайдаланып жапсыруға үйрету; жәндіктер туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сыртқы сипатына қатысты ерекшеліктерін көрсете отырып көбелекті мүсіндегенде қолдың кіші моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; әсемділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу |
| 18 | Кемпірқосақ | Балалардың көктем құбылыстары туралы түсініктерін тиянақтау, кемпірқосақтың түстерімен қайта таныстыру, түстер гаммасы туралы білімдерді пысықтау. Ермексазды есу техникасын жетілдіру, өзге балалардың мүсінделген таяқшаларының мөлшерімен сәйкестеу |

| | | |
|--|--|---|
| | | біліктерін қалыптастыру; зейінді, көз мөлшерін, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. |
|--|--|---|